

**«Sadyr Group» ЖШС «Kids Avenue» жеке балабақша педагогтарымен
жүргізілген**

Сауалнама қорытындысы

Қатысқан: 10 педагог

Өткен уақыты: қазан 2024 ж.

1. Өзіңіздің балабақшадағы жұмысыңыздың сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?

- 1) толық қанағаттанамын - 100%*
- 2) жоқтан гөрі, иә*
- 3) иәден гөрі, жоқ*
- 4) нақты жоқ*
- 5) жауап беруге қиналамын*

2. Сіз балабақша тәжірибесінде қандай проблемалармен жиі кездесесіз:

- 1) тәлімгерлік жүйесінің болмауы - 60%*
- 2) педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастар*
- 3) Балабақша әкімшілігінің жұмыс стилі*
- 4) ата-аналардың тәрбиешіге деген қарым-қатынасы - 10%*
- 5) балалардың оқуға ынтыласының жоқтығы - 30%*

3. Алдағы бірнеше жылда өзіңіздің педагогикалық мансабыңыздың дамуын қалай бағамдайсыз?

- 1) жұмыс істеп жүрген мектебimde, пән мұғалімі ретінде біліктілігімді біртіндеп арттыру - 100%*
- 2) мансаптық өсу (оқу меңгерушісі, мектептің құрылымдық бөлімінің басшысы) оған қоса пән мұғалімі ретінде біліктілігімді біртіндеп арттыру*
- 3) өзге беделді, кәсіби тартымды мектепке ауысу*
- 4) магистратураға түсу, ғылыми-педагогикалық қызметті бастау*
- 5) екінші жоғары білім алу*

4. Мамандықты ауыстыру туралы ойыңыз бар ма?

- 1) иә 2) жоқ - 100%*

5. Мамандықты ауыстыру ойыңыз болса, оның себебі

- 1) мамандықтан түңілу*
- 2) ұтымды ұсыныс түсу - 15%*

Сауалнама қорытындысы (қазан 2024 ж.)

Қатысқан педагогтер саны: 10

Жүргізілген сауалнама нәтижелері педагогтердің өз кәсібіне деген көзқарасы мен балабақшадағы жұмыс жағдайын жан-жақты көрсетеді.

Бірінші сұрақ бойынша барлық қатысушылар (100%) өз жұмысының сапасына толық қанағаттанатынын білдірген. Бұл – педагогтердің кәсіби сенімділігі жоғары екенін және өз еңбектерін оң бағалайтынын көрсетеді.

Екінші сұрақта педагогтер балабақша тәжірибесінде кездесетін негізгі қиындықтарды атап өткен. Олардың 60%-ы тәлімгерлік жүйесінің жеткіліксіздігін басты мәселе ретінде көрсеткен. Сонымен қатар, 30% балалардың оқуға ынтасының төмендігін мәселе ретінде белгілесе, 10% ата-аналардың тәрбиешіге деген қарым-қатынасына назар аударған. Бұл нәтижелер әдістемелік қолдау мен ата-анамен жұмыс бағыттарын күшейту қажеттігін айқындайды.

Үшінші сұрақ бойынша педагогтердің барлығы (100%) алдағы жылдары өз жұмыс орнында қалып, біліктілігін біртіндеп арттыруды жоспарлап отырғанын көрсеткен. Бұл ұжымның тұрақтылығын және кәсіби дамуға деген ұмтылысын дәлелдейді.

Төртінші сұрақ нәтижесінде қатысушылардың 100%-ы мамандықтарын ауыстыру ойы жоқ екенін білдірген. Бұл олардың таңдаған кәсібіне адалдығын көрсетеді.

Бесінші сұрақта тек 15% педагог ұтымды ұсыныс болған жағдайда ғана мамандық ауыстыруы мүмкін екенін атап өткен.

Жалпы қорытынды:

Сауалнама нәтижесі педагогтердің өз жұмысына қанағаттанатынын, мамандыққа деген тұрақты қызығушылығы мен адалдығын көрсетеді. Сонымен қатар, тәлімгерлік жүйені дамыту, балалардың оқу мотивациясын арттыру және ата-аналармен өзара байланысты нығайту бағытында жұмысты жетілдіру қажеттігі анықталды.

Өткізген: педагог психолог Казғалиева Мадина Нурлановна